

«Оңтүстік-тау химиялық компаниясы» Бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ЖАРҒЫСЫНА № 3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Серіктестік құрылтайшыларының 2014 жылғы 16 шілдедегі Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген "Оңтүстік тау-химиялық компаниясы" Бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Серіктестік Жарғысының 2-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Е-10 көшесі, 17/12-үй, Астана қ. Әділет департаментінде тіркелген, БСН 970240000816, 2018 жылғы 1 қарашасындағы мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, банктік деректемелері: ЖСК KZ356010131000049659 "Қазақстан Халық банкі" АҚ АОФ, Алматы қ., БСК HSBKZKX»;

2. Серіктестік Жарғысының 27-тармағы келесі редакциядағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) Серіктестіктің Қазақстан Республикасында уранды барлауға және/немесе өндіруге арналған кез келген және барлық келісімшарттарда, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттарға қосымшалар болып табылатын, құзыретті/уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуге (жасасуға) жататын құжаттардың жобаларын бекітуді қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану құқығын толық немесе ішінара сатып алу және сату (иеліктен шығару) немесе кез келген өзге де табыстау (жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттарды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімдерді және тараптар деректемелерінің өзгерістерін және редакциялық сипаттағы өзгерістерді енгізу жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығының туындауына, жүзеге асырылуына және тоқтатылуына байланысты өзге де заңды әрекеттерді жасасу) туралы шешім».

3. 39-тармақта «7)-12)» сандарынан кейін үтір және «17)» санымен толықтырылсын.

4. Серіктестік Жарғысының 44-тармағында:

1) 8) және 9) тармақшалары келесі редакцияда берілсін:

«8) Келісім жасау мерзімінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми курсы бойынша эквиваленттік екі жүз елу мың АҚШ долларын (US \$250 000) құрайтын немесе осы сомадан асатын келісім шартты бекіту;

9) Серіктестіктің қарыз (несие) беру және алуға қатысты Серіктестік келісімшартын бекіту, кепілдік және гарантия беру, сонымен қатар, мұндай келісімдердің шарттары бойынша сомасы мемлекеттік валюта немесе кез келген шет ел валютасы бойынша келісім жасау мерзімінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми курсы бойынша эквиваленттік екі жүз елу мың АҚШ долларын (US \$250 000) құрайтын немесе осы сомадан асатын кез келген келісімшарт»;

2) 10) тармақша алынып тасталсын.

5. 48-тармақта «9)» жабылатын жақшасы бар саннан кейін «және 10) көмекші сөзі мен саны алынып тасталсын».

6. Серіктестік Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысында бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

Уәкілетті тұлғаның қолы:

«ОТХК»БК»ЖШС
Бас директоры



Т. Есентугелов